

**«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесін жария  
талқылау хаттамасы**

26 наурыз 2026 жыл

Қызылорда қаласы

Төрағалық етуші: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директорының орынбасары Қ.Сақып.

Қатысқандар: Серіктестік қызметкерлері.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

**«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген 2026 жылғы 12 наурыздағы ішкі  
талдау нәтижесін жария талқылау**

Серіктестіктің бас директорының орынбасары: Қ.Сақып:

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай - Серіктестік) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгеріс енгізу туралы) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Серіктестіктің 2026 жылғы 12 ақпандағы №3/1 бұйрығымен құрылған жұмыс тобы жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 02.03-12.03.2026жыл аралығында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен 2025 жылғы кезең қамтылды.

Серіктестіктің әкімшілік және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Б.Шайхназаровқа сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіру жүктелген.

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі - НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

## **2.Талданатын объект туралы мәліметтер:**

Серіктестік өз құзыреті шегінде 3 облыстық, 1 қалалық, 7 аудандық газеттері басылымдары мен 12 ақпарат агенттігі арқылы республиканың, облыстың оң имиджін қалыптастыру бағытында мемлекеттік саясатты насихаттау бағытында жұмыс атқарады.

Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Серіктестіктің Жарғысына сәйкес іске асырады

Серіктестіктің жарғылық капиталының мемлекеттік қатысу үлесінің 51% кейіннен сатып алу құқығымен 7 жыл мерзімге «Халық» газеті» ЖШС-на 2020 жылдың қазан айының 15-нен бастап сенімгерлік басқаруға берілген.

Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі,4 А.

## **II. Серіктестіктің қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, серіктестік өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

- Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.

- «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-I Заңы;

- «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 маусымдағы N 93-VIII ҚРЗ Заңы;

- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы;

- «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 Заңы;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы;
- ҚР СТ 3158-2018 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты;
- ГОСТ 9254-77 Мемлекетаралық стандарт;
- Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №77 қаулысымен бекітілген Серіктестік жарғысы.

**НҚА талдау жүргізу нәтижесінде қызметтер процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар анықталмады. Алайда төменде көрсетілген қолданыстағы заңнама талаптарындағы сәйкессіздіктерге назар аудару қажет.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар болып табылатындығы көрсетілген.

Ал, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі – бюджеттік, бюджетаралық қатынастарды реттейді, бюджет жүйесінің жұмыс істеуінің, бюджет қаражатының құралуы мен пайдаланылуының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдаланудың негізгі ережелерін, принциптерін және тетіктерін белгілейтіндігін ескеру қажет.

Бұл ретте мемлекеттік мүліктің құқықтық режимін, мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті және заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі акциялар мен қатысу үлестерін басқарудың құқықтық негіздерін, мемлекеттік мүлікке құқықтарға ие болудың және оларды тоқтатудың құқықтық негіздерін айқындайды және мемлекеттің мемлекеттік мүлікке меншік иесінің құқықтарын және өзге де құқықтарды иеленушінің тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету заңдылықтарын реттейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңында квазимемлекеттік сектор субъектілері ұғымы мүлде көрсетілмеген.

Мұндай сәйкессіздік салдарынан жарғылық капиталының (немесе акциясының) 51% қатысу үлесі мемлекеттік емес заңды тұлғаға тиесілі жағдайда комплаенс қызметін енгізуде қиындықтар туындайды.

Мысалы: Серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсіндірме хат сұралған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.11.2020 жылғы №003-КГ/25538 санды хатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015

жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес тапсырыс берушілер жарғылық капиталға қатысу үлестерінің елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді қоспағанда.....- деп көрсетілген.

Бұл ретте серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгендіктен мемлекеттік сатып алу порталында серіктестік тапсырыс беруші болып табылмайды, тек орындаушы ретінде жұмыс жасайды. Осыған орай серіктестіктің бұйрығымен заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу заңнамасын қолданбай серіктестік қажеттілігіне алынатын тауарларға, қызметтерге, жұмыстарға тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілуде.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша мүдделер қақтығысын реттеу бойынша да талап қою қиын. Себебі, жарғылық капиталының 51% қатысу үлесін алушы тараптың Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 888-бабының 1-тармағына сәйкес Сенімгер басқарушының мүлікті дұрыс басқару мақсатында сеніп тапсырылған мүлікпен меншік иесі жасай алатын кез келген іс-әрекетті жүргізуге құқығы бар екендігін ескерген жөн.

Сондай-ақ, бюджет және қаржы қаражаттарын игеру және бөлу бойынша да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда мәселе туындайды. Серіктестік мемлекеттік бюджеттен серіктестік қажеттілігіне немесе қызметкерлердің жалақыларына тікелей қаржы берілмейді. Ал, мемлекеттік тапсырыс бәсекелестік ортада конкурс арқылы жүргізіледі.

Мұндай мәселелердің туындауы квазимемлекеттік сектор ұғымының нақты және толық түсінігінің Мемлекеттік мүлік туралы заңнама талаптарында көрсетілмеуі салдарынан болуы мүмкін.

### **III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

2025 жылы Серіктестіктің штат саны 174 бірлік болып бекітілген.

«Сыр медиа» ЖШС-ның штаттық бірлігі жылдан жылға қаржылық мүмкіндікке байланысты оңтайландырылуда. Атап айтқанда соңғы үш жылды алатын болсақ: 2023ж – 211, 2024ж -207, 2025ж.- 174, ал 2026 жылға 171 болып бекітілді. Негізінен қысқартылған бос штаттық бірліктер мен аудандық қарауылдар.

2025 жыл 35 қызметкер жұмыстан шықса оның ішінде 12 шығармашылық өкілдері құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда шығармашылық өкілдерінің жұмыстан кету жағдайлары біршама азайған. (2024 жыл 61 қызметкер жұмыстан шықса оның ішінде 33 шығармашылық өкілдер).

Жалпы алғанда 2025 жылы 36 қызметкер жұмысқа қабылданған, 23 қызметкер ішінара ауыстырылған, 9 қызметкер бала күтіміне байланысты демалыста, 1 қызметкер зейнетке шықса, кадр жетіспеушілігіне орай зейнет жасына жетсе де жұмыс істеп жүрген зейнеткерлер бар.

2025 жылы Серіктестікте сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері орын алмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар анықталмады.

#### **IV. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:**

Серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі жеке коммерциялық мақсаттағы заңды тұлғаға кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілгендіктен мүдделер қақтығысы болмау қажет деген талапты қолдану орынсыз деп пайымдаймыз.

#### **V. Мемлекеттік қызметтер көрсету:**

Серіктестікпен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

#### **VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:**

Серіктестікте мемлекеттік рұқсат беру функциясы жүзеге асырылмайды.

#### **VII. Бақылау функцияларын іске асыру бағыты бойынша:**

Серіктестікте бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

#### **VIII. Бюджет және қаржы қаражаттарын игеру және бөлу:**

Серіктестікке тікелей мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбейді.

Серіктестіктің қаржылық көздері газет жазылдыру, мемлекеттік тапсырыс және жарнамалық түсімдерден құралады.

Серіктестіктің қаржылық құжаттарына ҚР Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитеті Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен

профилактикалық бақылау 27.11.2023-15.12.2023жж. (қоса алғанда) өткізіліп, 01.01.2021-01.07.2023жж. аралығы қамтылған.

#### **IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:**

Серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсіндірме хат сұралған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.11.2020 жылғы №003-КГ/25538 санды хатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес тапсырыс берушілер жарғылық капиталға қатысу үлестерінің елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді қоспағанда.....- деп көрсетілген.

Бұл ретте серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгендіктен мемлекеттік сатып алу порталында серіктестік тапсырыс беруші болып табылмайды, тек орындаушы ретінде жұмыс жасайды. Осыған орай серіктестіктің бұйрығымен заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу заңнамасын қолданбай серіктестік қажеттілігіне алынатын тауарларға, қызметтерге, жұмыстарға тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілуде.

#### **X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Серіктестік осы кезге дейін ешқандай ақпараттық жүйелерді әзірлемеген. Серіктестік өз қызметінде есеп-қисап саласына 1С бағдарламасы және кадрлық қызметке «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы пайдаланылады.

Серіктестіктің интернет желісі «Интернет желісіне қолжетімділіктің бірыңғай шлюзіне» қосылмаған.

#### **XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:**

##### **Серіктестіктің құжат айналымы бойынша:**

**2025 жылы барлығы - 622 (кіріс - 151, шығыс – 408, анықтама – 63)**

Талдау нәтижесінде Серіктестіктің қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкессіздіктер анықталмағандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыным берілмеген.

Қатысқандар тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесіне ұсыныс-пікірлер білдірілмеді.

Бас директордың орынбасары



Қ.Сақып

Жұмыс тобының мүшелері:

Әкімшілік және ұйымдастыру бөлімінің  
басшысы, жұмысшы топ жетекшісі,  
комплаенс офицері

Б. Шайхназаров

Экономика және мемлекеттік  
тапсырыспен жұмыс істеу бөлімінің  
басшысы, топ мүшесі

Н.Дауылбаев

Аға есепші

С.Аралбай

Заңгер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі  
маман

А.Ибраев